



Қазақстан 2050

## I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2014 жыл, 2-12 сәуір

«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ:  
ДӘУІР СҰХБАТТАСТЫҒЫ»

### I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2014 жыл, 2 сәуір

## I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2014 года

### МАТЕРИАЛЫ

I МЕЖДУНАРОДНОГО ФАРАБИ ФОРУМА  
«АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ В ДИАЛОГЕ ВРЕМЕН»

Алматы, Казахстан, 2 апреля 2014 года

## I INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-12 April 2014

### MATERIALS

of the I INTERNATIONAL FARABI FORUM  
«ABU NASR AL-FARABI  
IN DIALOGUE OF TIMES»

Almaty, Kazakhstan, 2 April 2014

<b>Молтобарова К. И.</b> Әл-Фараби шығармашылығындағы мәңгі мәселелердің үйлесімдігі .....	103
<b>Нұрмұратов С. Е.</b> Әл-Фараби рухани мұрасын зерттеудің методологиясы хақында .....	108
<b>Сүлейменов Т.А. , Рахимшикова М.К.</b> Антропоцентристская идея Абу Насра аль-Фараби и современность .....	114
<b>Сулейменов П.М.</b> Социально-политические взгляды Абу Наср аль-Фараби .....	118
<b>Түлешов В.У.</b> Диалог культур и столкновение цивилизаций в контексте современной международной политики .....	128
<b>Шпилькин Ю.И.</b> Евразийская интеграция в диалоге культур .....	134

**2 секция ӘЛ-ФАРАБИ – УНИВЕРСИТЕТТИҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ РӨМІЗІ:  
AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY**

**Секция 2 АЛЬ-ФАРАБИ – КУЛЬТУРНЫЙ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ СИМВОЛ  
УНИВЕРСИТЕТА: AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY  
Section 2 AL-FARABI IS A CULTURAL AND EDUCATIONAL SYMBOL OF THE  
UNIVERSITY: AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY**

<b>Абдирайымова Г.С., Вережкин А. , Лифанова Т.Ю.</b> Наследие аль-Фараби и проблемы трансформации ценностного сознания современной казахстанской молодежи .....	141
<b>Аубакирова С.С. , Исмагамбетова З.Н.</b> Әл-Фараби және толеранттылық мәселесі .....	146
<b>Бейсенов Б., Игисенова А.</b> Мәңгілік ел-зайырлық пен діндарлық арақатынасы .....	149
<b>Дайрабаева Г.Б. , Малдыбек А.Ж. , Шадинова Г.А.</b> Толерантность и значимость науки — основные гуманистические принципы исламской цивилизации .....	157
<b>Қусаинов Д.У. , Аюпова З.К.</b> Правовое наследие аль-Фараби как основа отечественной теории права .....	163
<b>Мынбаева А.К. , Насимова Г.О.</b> Концепция «al-Farabi university smart city»: практика реализации прорывного проекта .....	169
<b>Молдабеков Ж. Ж.</b> Аль-Фараби об интеллектуальном потенциале человека и образования .....	172
<b>Манасова М.М.</b> Астана – толеранттылық идеясының ортасы .....	179
<b>Нұрышева Г.Ж.</b> Әбу Нәсір әл-Фарабидің «ұстаз» ілімі және Н.Ә.Назарбаевтың тұлғалық философиясы .....	182
<b>Нұралын Г. Б.</b> Әл-Фарабидің жақұт іліміне негізделген қазақ философиясының қайта өрлеуі .....	187
<b>Сатыбалдина Т.М.</b> Место и роль вуза в духовной интеграции современного казахстанского общества .....	190
<b>Сұлтанбаева Г. , Ахметов М. А.</b> Қайырымды қала – «smart city»: уақыт, дәстүр, жанашылдық, инновация феномені ретінде .....	195
<b>Сәрсембин Ү. Қ.</b> Әл-Фараби тағылымы – халық мұраты .....	200

**3 секция ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТИКАЛЬСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ЭТИЧЕСКИЕ  
ВОЗЗРЕНИЯ АЛЬ-ФАРАБИ**

**Section 3 AL-FARABI'S PHILOSOPHICAL AND SOCIO-ETHICAL VIEWS**

<b>Аташ Б.М.</b> Әл-Фараби іліміндегі «кеністік-орын-бейболмыс» түзілімінің метафизикалық астарлары .....	207
<b>Асқар Л.А.</b> Наука логика в понимании Абу Насра аль-Фараби .....	212
<b>Алтаев Ж.А., Әлиев Ш.Ш., Құранбек Ә.А.</b> Әл-Фарабидің музыка туралы іліміндегі эстетикалық құндылықтар мәселесі .....	220
<b>Бижанова М.А.</b> Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясындағы «кемел адам» мәселесі .....	224
<b>Байтенова Н.Ж.</b> Анахарсис-Фараби-Абай в духовном пространстве казахов .....	230
<b>Берикова А.К.</b> Понятие справедливости в социально-этической концепции аль-Фараби .....	235
<b>Бияздықова К.Ә., Қантарбаева Ж. О., Молдағалиев Б.Е.</b> Әл-Фараби шығармасындағы адамның рухани құндылықтары .....	239
<b>Баратова С.М., Баймолдина Л.О., Қалымбетова Э.К.</b> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де маман тұлғасы қалыптасуындағы мотивация факторларын есепке алу ерекшеліктерінің жолдары .....	243
<b>Ғабитов Т.Х.</b> Әл-Фараби этикасы және қазіргі заман .....	248
<b>Есіркепова Г.К.</b> Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарына қысқаша шолу .....	255
<b>Жолмұхамедова Н.Х.</b> Истина и красота в философии аль-Фараби .....	258
<b>Құрманалиева А.Д., Құлсариева А.Т., Мейрбаев Б.Б.</b> Әл-Фараби мұрасындағы ой мен сөз сабақтастығы .....	264
<b>Құранбек Ә.А., Әлиев Ш.Ш., Тұрғанбеков С.Қ.</b> Түркі дүниетанымындағы «қасиетті мекен» мен әл-Фарабидің «кемел қоғам» ілімі .....	273
<b>Кемелбеков Қ.Б., Бегдаuletova Қ.Д.</b> Қазақ философиясының ой толғаулары .....	280
<b>Лукпанов А. И.</b> Политическая философия аль-Фараби .....	287
<b>Мусаева Н.Р., Мусаев Р. А.</b> Әл-Фараби шығармашылығындағы бақыт ұғымының мәні .....	294
<b>Нурбосынова Л.С.</b> Достижение счастья как высший смыслсложившийся идеал в философии аль-Фараби .....	298
<b>Өмірбекова Ә.Ө., Мұханбет Ә.Ә.</b> А.Х. Қасымжанов фарабитанушы ретінде .....	301
<b>Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е.</b> Нравственность и духовность в произведениях Абая .....	307
<b>Сатершинов Б.М., Сейтахметова Н.Л.</b> Көне заман мен орта ғасыр сұхбаты аясындағы әл-Фараби философиясы .....	313
<b>Спанов М.Ж.</b> Әл-Фараби философиясындағы бақытты адам мәселесі .....	319
<b>Хасанов Ш., Петрова В.Ф., Джамбаева Б.А., Сырғакбаева А.С., Нұрышева Г.Ж.</b> Эвристическое значение понятий «разум» и «интеллект» в философии аль-Фараби .....	325

Бакыт, Әл-Фараби пікірінше, көп мәнді және барлық түсініктер секілді көпмағыналы және көп деңгейлі. Ол белгілі бір анықтама немесе өлшемге келмейді, бірақ әл-Фараби адам немесе топтың бакытты өзінше түсінетінін жокқа шығармайды. «Бакытқа жол сілтеу» еңбегінде философ «біз бакытқа жеткесін ештеңеге мұқтаж еместігімізді көрдік. Ал бұл жағдайға жету үшін өзі толық жетілдіру керек дейді».

Адамның бакытының мәні не екендігін ұғыну, адамзаттық өмір сүруінің мәні мен өмірлік құндылықтары кеңмәтінсіз түсіну қиын. Бакытты іздеу адамның өмірге жалпы бағасын ізденуде, оның тұлғалық және өзін өзі іске асыратын, барлық шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруы және оларды жеке қоғамдық жүзеге асыруында жатыр. Әл-Фарабидің пікірі бойынша, «Бакыттың игіліктер арасындағы орны сондай, адам бакытқа жетуі үшін оған жеткізетін әдістер мен заттар болғанын қалайды [11].

Әл-Фараби үшін бакытқа жету жолында адам әрекеттері мен қылықтарын рухани түсіну маңызды, өйткені ол әлеуметтік маңызды әрекет, бұл әрекет тек адам тілегіне орай қалай әрекет жасауында емес, ол қоғамда мақтауға немесе ұялтуға ие болатындығында тұр. Адам жаны күйзелісімен байланысты табиғи әрекет бакытқа жету үшін жеткіліксіз. Адамның жақсы да жарқын іс жасауға тілегі де жеткіліксіз. Адам өз әрекеті айқын болуына сенімді болуы үшін адам әрекеті дұрыстығын қоғам мойындауы керек. Сондықтан философ «біз өз әрекеттеріміз дұрыс, жан аффектілері қандай болуы керек, біздің ізденістеріміз жақсы ақылға жету үшін қандай болуы керектігін анықтап алуымыз керек», дейді [12].

Демек адам бакытқа және өзінің жетілуіне тек қана қоғамда және адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесі арқылы жетуі мүмкін. Бұл дегеніміз, әрбір индивид өзінің табиғи бейімділігін, мінез құлқын, темпераментін қоғам талаптарымен және оның жүйесімен салыстыруы керек. Бұл жүйеде адам әрекеттерінің өлшем жүйесі анықталады және енгізіледі, яғни тек табиғи бейімділігіне, мінезіне, құмарлығына және тағы басқаға сәйкес оны жүзеге асыру мүмкін емес. «Адамдардың бірге тұруы» талаптары адамды тәрбиелеуге мұқтаждыққа себеп болады, оған табиғатпен берілмейтін қасиеттердің қалыптасуына, адам мәдениеті әлемімен тәрбиеленуіне, яғни адамды тек қана талап тілегіне сай емес, борышын өтеуге итермелейді.

Әрбір адам, Әл-Фараби пікірі бойынша, табиғатынан қасиетке ие, оған сәйкес «адамның жан аффектілері, ақыл парасаты, әрекеттері ұнамды болады және болмайды» [14].

Бұл дегеніміз әрбір адамның өнегелі немесе өнегесіз әрекет жасауға мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Әл-Фараби өнегелік табиғаты мәселесі туралы бізге жеткен трактаттарында талқылайды. Алайда оның негізгі «Азаматтық саясат», «Бакытқа жол сілтеу» және «Бакытқа жету жолдары» әлеуметтік этикалық трактаттарында философының өнегелік табиғатын түсінуге талпыныстарының негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік бар.

Бакытқа жетудің маңызды шарты, әл-Фараби атап көрсеткендей, адамға еркін таңдау және істеген әрекеттің өз еркімен негізделуінде. Әл-Фараби адам еркі еркіндігіне, жақсы мен жаманды таңдауына көп маңыз артады. Еркін еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы

ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Алғашқы ақыл жететіндей мәндерді игеру мен ақыл-парасат арқылы жүзеге асады.

Әл-Фарабидің бакыт концепциясы адам әрекеттері мен мінезін қарастыратын этиканың пәні, азаматтық немесе саяси философияның пәні ретінде қарастырылады. Оның философиясы қала тұрғындарын, саяси билікті ұйымдастыру әдісін, қоғам мүшелерінің әрекеті мен мінез құлығын басқару білімдерін біріктіреді. «Азаматтық ғылымның бір бөлігі бакыт пен қиялдағы бакыттың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сонан кейін мұнда қалалар мен халықтарға тән әрекеттер, мінез құлық, өнеге және жалпы ерік қасиеттері тізіп көрсетіледі. Ақырында бұл бөлім жаңағыларды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөледі. Азаматтық ғылым ғана адамзаттың қорытында мақсаты бакытқа жету жолын талдайды, бакыт адамдардың қасиеттерімен жақсы және ізгілікті әрекеттерімен жүзеге асады.

Зерде, бакыт, ізгілік, "еркіндік", "теңдік", "әділеттілік" ұғымдары сияқты, Фараби дүниетанымынд – интеллектуалды тектілер де адам болмысына имманентті тән. Бұл құндылықтар білімді растайды: ақылды, ізгі, еркін, бакытты болу үшін білімді және білікті болу қажет. Білім – құндылықтарды іске асыру құралы, игеру құралы, жеке адам мен бүкіл қоғам жетілуінің басты шарты.

Жалпы әл-Фараби шығармасындағы үлгілі адам мұратын қорытындылай келе қазіргі таңдағы жастарға бере тәрбиелік мәні зор десек қателеспеспіз. Әл-Фарабидің үлгілі адам мұратына жету үшін, адам өз бакытына толыққанды болу керек. Яғни қоғам құндылықтарымен бірге әлеуметтік өз игіліктерінен мойынсұнбай жете түсіне білу керек. Сонда ғана адам өз мұратына жетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1997. – 446 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 380 б.
3. Ғабитов Т.Х. Мақсат, мақсаттылық және мұрат. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 112 б.
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: ҚазМУ, 1998. – 202 б.

#### ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЕ МАМАН ТҮЛҒАСЫ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МОТИВАЦИЯ ФАКТОРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЖОЛДАРЫ

*С.М. Баратова,  
І курс магистранты  
Э.К. Қалымбетова,  
психол.ғ.к., доцент  
Л.О. Баймолдина,  
аға оқытушы  
Әл-Фараби атын. ҚазҰУ*

Психология ғылымында көпшілік ғалымдар мына жағдаймен келіседі, нәтижелі кәсіби әрекеттің операциялық компоненттері қатарына (білім, икемділік және дағды) мотивациялық компоненттерді де қосады (мотивтер, қызығулар және қатынас). Дегенмен, жас мамандардың кәсіби әрекетінің